

Бекітемін:

ЖШС «Ақнұр» бб

менгерушісі:

К. Рысбаева



**ЖШС «АҚНҰР» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫҢ
2025-2026 «БАЛБӨБЕК» ОРТА ТОБЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2025- 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Түсінік хат

Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны:дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде карауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру

арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге; бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

2025-2026 оқу жылында тәрбие мен білім беру процесі мына құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен №394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022ж бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық жоспарын (бұдан әрі - Перспективалық жоспар) әзірлейді, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің Циклограммасын (бұдан әрі – Циклограмма) Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесіне сәйкес құрады. Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен, тәрбиешілермен (қазақ тілі мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп, жасайды.

Перспективалық жоспарда оқу жылына арналған міндеттер бөлінеді, олар Үлгілік бағдарламаның мазмұнын балалардың меңгеру деңгейіне байланысты қайталануы, толықтырылуы, түзетілуі және өзгертілуі мүмкін. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317> (Әдістемелік нұсқау хат 2025-2026 оқу жылы)



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС «Ақнұр» бөбекжай бақшасы

Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балбөбек»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспрадың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см) жүру. Жүгіру. Бірқалыпты жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура еңбектеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.
Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда. Кітаптарға қызығу/ты ояту Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін ескеріп, артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту Сөздік қор Ауызекі түрлі балалар әрекетінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануға қалыптастыру.

	Тілдің грамматикалық құрылымы Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату Байланыстырып сөйлеу Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту
Математика негіздері	Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексازдан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
Музыка	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.
Жоспрадың құрылу кезеңі: Қазан айы 2025ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Арқан бойымен жүру, Жүгіру. Аяқтың ұшымен жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, Секіру. 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып,
Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру.

	Байланыстырып сөйлеу: Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту Сөздік қор: Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөпе,аға,апа,іні,қарындас) айтқызу Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу Балалардың айтатын сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру
Математика негіздері	Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету: Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2025ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Тура жолмен жүру. Жүгіру. Сапта бір-бірден, Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. Секіру. Құрсаудан құрсауға секіру.
Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Бірлескен әрекеттері туралы келісуге жағдай жасау Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Есту қабілеттерін дамыту Сөздік қор Тұрмыстық заттардың атауларын дұрыс атату Тілдің грамматикалық құрылымы Бұйрық райлы етістіктерді қолдануға баулу (бар,кел,айт) Байланыстырып сөйлеу Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу
Математика негіздері	Сан: Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру Шама: Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигурамен: дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Үстінде-астында Уақытты бағдарлау: таңертең
Қоршаған Әлеммен таныстыру	Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарын құрастыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.

Сурет салу	Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).
Музыка	Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2025ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Қол ұстасып жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүру. Жүгіру. Алаңның бір жағынан екінші жағына, Домалату, лақтыру, қағып алу. (1-1,5 м қашықтық) допты домалату. Еңбектеу, өрмелеу. Арқанның астымен еңбектеу. Секіру. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау.
Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Көрнекілік арқылы, көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау Сөздік қор: Жемістердің атауларын дұрыс айту Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт) Байланыстырып сөйлеу Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу

Математика негіздері	Сан. Олардың біреуін бөліп көрсету. Шама: Бір затты екінші затпен беттестіру . Геометриялық фигура: Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: алдында-артында. Уақытты бағдарлау: кешке
Қоршаған әлеммен таныстыру	Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.
Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
Сурет салу	Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрену.
Мүсіндеу	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
Музыка	Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.
Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2026ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Арқаннан ұстап жүру. Тепе - теңдікті сақтау.Қырлы тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. Әр түрлі бағытта жүгіру, Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру . Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу. Секіру. 15-20 см биіктіктен секіру, Спорттық жаттығулар: Шанамен бір-бірін сырғанату;
Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше түрде. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.

Қазақ тілі Көркем әдебиет	Тілдік дамытушы орта Сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Өзіне айтылған сөзді түсінуін дамыту Сөздік қор Жануарлардың атауларын дұрыс айту Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді байланыстырып үйрету Байланыстырып сөйлеу Таныс ертегілерді өздігінен айтуға баулу
Математика негіздері	Сан: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. Шама: Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,
Қоршаған әлеммен таныстыру	Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.
Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.
Сурет салу	Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,
Музыка	Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту.
Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы 2026ж	
Ұйымдастырылған әрекет	іс- Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Тоқтап, жартылай отырып жүру. Жүгіру. Тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 мет қашықтықтан допты бір-біріне домалату. Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу модуль бойымен еңбектеу. Секіру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, Спорттық жаттығулар: Биік емес төбеден сырғанау;
Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді көпше түрде. Байланыстырып сөйлеу: Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. Ересектермен бірге ертегілерді, карапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің

	эмоционалды образын беруге баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу Сөздік қор төрт түлік атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөз тіркесін құрастыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу Шағын шығармаларды мазмұны бойынша қайталап айтуға баулу
Математика негіздері	Сан: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең
Қоршаған әлеммен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
Құрастыру	Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.
Музыка	Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.
Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы 2025ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Бұрылып, заттарды айналып жүру. Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттардың арасымен, қақпаға домалату. Еңбектеу, өрмелеу. туннель арқылы еңбектеу. Секіру. Тұрған орнынан жоғары секіру,

Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Ересектермен диалог құру. Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Алған әсері мен қалауын білдіруге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қ, і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу Сөздік қор Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімді үйрету Байланыстырып сөйлеу Шағын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу
Математика негіздері	Сан: Тең және тең емес заттар тобын салыстыру, Шама: Ені бойынша кең-тар, бірдей, тең.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану,
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.
Музыка	Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ б қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.
Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2026 ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Еденге қойылған заттардан аттап жүру Жүгіру. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, Еңбектеу, өрмелеу. Саты бойымен өрмелеу, Секіру. Сызықтан секіру,
Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық

	аппаратты дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сәлемдесуде өтінішін білдіруге, ырзашылдығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу Сөздік қор Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақ жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімді үйрету Байланыстырып сөйлеу Шағын ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу
Математика негіздері	Сан. «Тең бе?», Шама: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.
Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
Сурет салу	Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
Жапсыру	Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Музыка	Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.
Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2026ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жан-жаққа баяу айналып жүру. Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м). Секіру. Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;

Тіл дамыту мен Көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу Сөздік қор Жаңылтпаш жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Етістікті үйрету Байланыстырып сөйлеу Шығарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтуға баулу
Математика негіздері	Сан. «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
Құрастыру	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал жасау.
Музыка	Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.